

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**PISA, TIMSS ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ**

Оқу-әдістемелік құрал

**РАЗВИТИЕ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ
ШКОЛЬНИКОВ В КОНТЕКСТЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ
ИССЛЕДОВАНИЙ PISA, TIMSS**

Учебно-методическое пособие

Астана
2014

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2014 жылғы 18 сәуірдегі № 3 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 18.04. 2014 года)

PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал.
– Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.

Развитие естественнонаучной грамотности школьников в контексте международных исследований PISA, TIMSS. Учебно-методическое пособие.
– Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2014. – 40 с.

Бұл әдістемелік құралда оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырудағы отандық және шетелдік тәжірибелер зерделеніп, PISA, TIMSS зерттеулерінің нәтижелеріне сараптама жасалған. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеуде қолданылған тапсырмалардың үлгілері көрсетілген.

Әдістемелік құрал жаратылыстану саласы пәндерінің мұғалімдеріне, мектеп басшылары мен әдіскерлерге, қосымша білім беретін педагогтерге, білім бөлімі басшыларына арналған.

В методическом пособии рассмотрен отечественный и зарубежный опыт развития естественнонаучной грамотности учащихся, проанализированы результаты исследования PISA, TIMSS. Даны методические рекомендации по развитию естественнонаучной грамотности учащихся на основе заданий исследования PISA, TIMSS. Включены примеры заданий, которые использовались в международном исследовании образовательных достижений учащихся.

Работа адресована учителям предметов естественного направления, руководителям школ, методистам, педагогам дополнительного образования, работникам управления и отделов образования.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2014.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2014.

КІРІСПЕ

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі үдерісінде еліміз үшін маңызды болып табылатын стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы және т.б. функционалдық дағдылар мектеп қабырғасынан қалыптасады. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілді [1]. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге бағыттанып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да анық көрсетілген [2]. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның құбылмалы әлемге әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін қалыптасқан құзіреттіліктерді анықтауда халықаралық зерттеу тапсырмаларының маңызы зор.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік және интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін Қазақстан PISA, TIMSS халықаралық зерттеуіне қатысты.

PISA (Programm for International Student Assessment) – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты білім беру жүйелері әр түрлі елдердің 15 жастағы жасөспірімдерінің мектепте математика және жаратылыстану ғылымдарынан алған білім, білік

және дағдыларын өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларды шешуде қолдана алуларын, сонымен қатар түрлі мәтіндерді оқып және түсінулерін салыстырмалы бағалау болып табылады. PISA зерттеуі үш бағыт бойынша үш жылда бір өткізіледі.

PISA бағдарламасы халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) (OECD – Organization for Economic Cooperation and Development) және ұлттық орталықтардың қатысуымен алдыңғы қатарлы халықаралық зерттеуші ұйымдардан құрылған Консорциуммен жүзеге асырылады. Консорциумға келесі ұйымдар кіреді: Білім беру аймағындағы Нидерланд Ұлттық өлшеу институты (Netherlands National Institute for Educational Measurement, CITO); АҚШ-тың педагогикалық тестілеу қызметін көрсету (Educational Testing Service, ETS); білім беру саласындағы Жапонияның Ұлттық зерттеу институты (National Institute for Educational Research, NIER); статистикалық ақпараттарды жинау бойынша Америкалық ұйымы (WESTAT). Ал Консорциумның жұмысын педагогикалық зерттеулердің Австралиялық Кеңесі (The Australian Council for Educational Research, ACER) [3].

Білім беру жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық қауымдастығы IEA (International Association for the Evaluation of Educational Achievement өткізетін), TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) халықаралық мониторингтік зерттеуі төрт жыл сайын әлемдегі 50-ден астам елдің математикалық және жаратылыстану ғылымдары білімінің дамуы үрдісін бақылауға мүмкіндік береді.

TIMSS (Third International Mathematics and Science Study) – математика және жаратылыстану білімінің сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу. Жобаға қатысушы елдердің білім мазмұнын ескере отырып, бұл зерттеудің аясында 4-ші және 8-ші сынып оқушыларының математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша дайындықтарының сапасы бағаланады. TIMSS зерттеулері оқу жетістері туралы жан-жақты мағлұмат алумен қатар, ел, мектеп және білім берудің жағдайлары туралы қосымша ақпарат алуға да мүмкіндік береді. TIMSS-ке қатысушы елдердің құрамы алуан түрлі, олар экономикалық дамуы, географиялық жағдайы, халқының саны жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Бірақ олардың бәрі білім беру ұйымдарының жүйесін, оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін оқушылардың жетістіктері арқылы салыстыру, білім беру саласында тиімді курстар әзірлеуге арналған құнды ақпарат жинақтауға көмектеседі [4].

TIMSS жобасын жүзеге асыруға белгілі ғылыми-зерттеу орталықтары: білім саласында тестілеу қызметін көрсету (ETS – Educational Testing Service, США); Канаданың Статистика Орталығы (Statistics Canada); білім берудегі жетістіктерді бағалау бойынша халықаралық қауымдастықтың хатшылығы (IEA, Нидерланды); білім берудегі жетістіктерді бағалау бойынша халықаралық қауымдастықтың мәліметтерін өңдеу орталығы (DPC IEA – Data Processing Center IEA, Германия) және дүние жүзінің басқа да ғылыми-зерттеу орталықтары қатысады.

Халықаралық зерттеулердің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау

жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің еліміз үшін халықаралық зерттеулерге қатысу білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформаландырудың қажеттілігін ескертетін бірқатар факторлар, атап айтар болсақ қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне негізгі себеп болады. Қазақстанның халықаралық зерттеулерге қатысуы, оқушының өзін-өзі дамытуды максималды түрде іске асыруы мен қоғам өмірінде өз орынын табу, өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау, ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы халықаралық зерттеулер отандық және халықаралық контексте білім беру жүйесінің жағдайын бағалап, қазақстандық білім берудің жетістігі мен осал тұстарын анықтауға және алға қойған мақсаттардың ең тиімді жолдарын белгілеуге жағдай жасайды. Ғылыми жаратылыстану сауаттылығын анықтауға бағытталған халықаралық зерттеу тапсырмаларын сабақта пайдалану оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға негіз болады.

Қойылып отырған мәселенің шешімдерінің бірі ретінде, яғни PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамытуға арналған әдістемелік құралы ұсынылады. Әдістемелік құралда оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын анықтауға бағытталған халықаралық зерттеулер тапсырмаларының ерекшеліктері, ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша қазақстандық оқушылардың халықаралық зерттеулерінің нәтижелерін талдау, оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулықтар беріледі.

1 Оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын анықтауға бағытталған халықаралық зерттеулер тапсырмаларының ерекшеліктері

Қазақстан оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын анықтауға бағытталған TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) және PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеулеріне қатысып келеді.

TIMSS халықаралық зерттеуі 4 және 8-сынып оқушыларының математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын төрт жылдық мерзіммен (1995, 1999, 2003, 2007, 2011, 2015) өткізілетін зерттеу. Зерттеуге әлемнің 63-тен аса елдері қатысады. Бағдарламаны оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша Халықаралық Қауымдастығы (IEA) үйлестіреді. 1995 жылдан бастау алатын TIMSS зерттеуінің негізгі мақсаты, 4 және 8-сынып оқушыларының математика мен жаратылыстану пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау және мектепшілік, мектептен тыс білім детерминанттарын анықтау болып табылады.

PISA – 1997 жылдан басталған бұл сынақ, үш жылдық мерзіммен өткізілетін жалпы орта, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында 15 жастағы білім алушылардың математика, жаратылыстану және оқу саласындағы сауаттылығын бағалауға арналған (2000, 2003, 2006, 2009, 2012, 2015).

Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәнімен тікелей байланысты емес мәселелерді шеше білу құзіреттіліктерін бағалауға бағытталған.

Бұл зерттеу Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) жүзеге асырылады. PISA зерттеуі оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерін, білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістерді бақылауға, жүргізілген реформалардың салдарын анықтауға мүмкіндік береді. 2012 жылы бағдарламаның бесінші кезеңі жүзеге асырылды, ал 2015 жылы алтыншы кезеңі өткізіледі.

PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың математика, жаратылыстану және оқу бағытындағы пәндерден игерген білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

Көптеген елдерде жасөспірімдер 15 жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті он бес жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларды қаншалықты деңгейде меңгергенін анықтайды.

PISA халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау болып табылады.

Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асады: «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану сауаттылығы» және «оқу сауаттылығы».

Оқу сауаттылығы – жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті (оқу сауаттылығы 2000, 2009 жылдары жүргізілді).

Математикалық сауаттылығы – өзі өмір сүріп жатқан әлемде математика рөлін анықтау және түсіну, жасампаз, мүдделі және ойшыл азаматқа тән дәйектелген математикалық пікір айту және математиканы қазіргі таңда және болашақта қажеттілікті қанағаттандыру үшін қолдана алу қабілеті (математикалық сауаттылығы 2003, 2012 жылдары жүргізілді).

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы – нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін және зерттелінетін проблемаларды анықтау үшін, тәжірибе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілеті. Бұл қорытындылар қоршаған ортаны және оған адам ісімен енгізілетін өзгерістерді түсіну үшін, сонымен қоса тиісті шешімдерді қабылдау үшін қажет [2].

Зерттеудің әрбір кезеңінде үш зерттеу бағыттарының біріне ерекше көңіл (тапсырмалардың үштен екі бөлігі) бөлінеді. 2000 жылы зерттеудің негізгі бағыты «оқу сауаттылығы», 2003 жылы – «математикалық сауаттылығы», 2006 жылы – «жаратылыстану сауаттылығы», 2009 жылы білім жетістіктерін бағалаудың негізгі аймағы «оқу сауаттылығы» болды, ал 2015 жылғы тестілеуде негізінен «жаратылыстану сауаттылығы» бағаланады. PISA-2012 жаратылыстану сауаттылығын тексеруге арналған тестердің құрамына өлшеудің 4 аспектісі кіргізілді, олар: контекст, білім, күзиреттіліктер және қарым-қатынас. Оқу бағдарламаларының (жоспарының) орта мерзімді жаңа құрылымында: «Білімнің ұсынылатын түрлері», «Қысқаша шолу» және «Контекст» (мәнмәтін) пунктерінен тұратын жалпы әдістемелік ақпараттар бар, оларды бір немесе басқа аспектіде (мысалы, тұлғалық не әлеуметтік) тұрғыдан қарауға жағдай жасайды.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ғылыми жаратылыстану (әлем туралы) және әдіснамалық құрылымдардан тұрады. Әдіснаманың құрылымында ғылым туралы білімін және оны қалай зерттеуге болатыны айтылады. Орта білім мазмұнының жаңартылған тұжырымдамасында зерттеу жұмысы негізгі дағдылардың бірі болып табылады. PISA-ның «Денсаулық» атты тестік тапсырмалары, сұрақтары және есептері оқушылардың өздерінің денсаулығына қатысты жаңа білім беру кеңістігін құрастыруға мүмкіндік беретін мәдениеттің индикаторы ретінде маңызды.

Халықаралық PISA зерттеулерінде барлық сұрақтар мен тапсырмалар жалпы үш топқа бөлінеді, олар: «Қалай білуге болады?» атты таным әдісін қолдануға арналған тапсырмалар. «Түсіндіріп көр» – құбылыстар мен фактілерді түсіндіруге арналған тапсырмалар. «Қорытынды жаса» – берілген деректер негізінде қорытынды құрастыруға арналған тапсырмаларды орындау.

Оны төменде берілген халықаралық зерттеулердің мектеп оқушыларының ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын тексеруге арналған, құрылымы жағынан бір-біріне ұқсамайтын тапсырмалардың үлгісінен көруге болады.

1-мысал. Кейбір сұрақтарда әріппен белгіленген төрт түрлі жауаптың үлгісі берілген. Бұл сұрақтарға жауап беру барысында, сіздің ойыңызша дұрыс болатын жауаптың тұсындағы әріпті дөңгелекпен белгілеңіз. Мысалы:

1972 жылы Олимпиада ойындары қай қалада өтті?

A. Мехико

B. Мюнхен

C. Лос-Анджелес

D. Сидней.

Егер, сіз, жауап беруге қиналсаңыз, онда өзіңіз дұрыс деп ойлаған жауапты белгілеңіз.

Ал егер берген жауабыңызды өзгерткіңіз келсе, берген жауабыңызды «X» белгісімен сызыңыз да, дұрыс деген жауабыңызды белгілеңіз.

2-мысал. Кейбір тапсырмалардың қысқаша жауабын арнайы қалдырылған дәптердің жолдарына жазу қажет. Қысқаша жауап жеке сөздер, суреттер немесе сан түрінде болуы мүмкін. Мысалы:

1990-2012 жылдардың аралығында Олимпиада ойындарының астанасы болған Азияның үш қаласын жазыңыз

Дұрыс жауап келесі үлгіде жазылуы мүмкін: Токио, Сеул, Пекин.

3-мысал. Тапсырмалардың мазмұнына қарай жауап жазуды, түсініктеме беруді, берген жауаптың толық түсініктемесін беруді немесе есептің шығарылу жолын көрсетуді талап ететін тапсырмалар да бар. Бұл тапсырмаларға берілген жауаптар еркін формада жазылады. Мысалы:

Сіздің ойыңызша 2016 жылғы Олимпиада ойындары қай құрылықта өтуі мүмкін? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Бұндай тапсырмалардың жауабын арнайы қалдырылған жолдарға жазу керек. Жолдардың саны сіздің жауабыңыздың көлемі қандай болуы мүмкін екенін көрсетеді.

4-мысал. *Болашақ Олимпиада ойындары қайда өтуі мүмкін екендігі туралы түсініктемені таңдаңыз.*

A. Африка. Олимпиада ойындары мұнда 1964 жылдан бастап болған емес.

B. Аустралия. Бұл кезеңде Олимпиада ойындары мұнда бір рет қана болған.

C. Солтүстік Америкада деп ойлаймын. Бұнда Олимпиада ойындары жиі өткізілген, бірақ АҚШ дүние жүзіндегі бай елдердің бірі болғандықтан, осындай қымбат ойындарды тағы да өткізе алады.

D. Азия мен Еуропадан басқа кез-келген құрылықта, өйткені бұл құрылықтарды соңғы ойындар өткізілген болатын.

5-мысал. Есептеулердің орнына логикалық ойлауды талап ететін, деректері толық берілмеген тапсырмалар да қызықты. Мысалы:

Айдар шәшкеге температурасы 90°C-қа тең ыстық шай және екінші ыдысқа температурасы 5°C-қа жуық суық минералды су құйып алды. Екі шәшкенің және құйылған сусындардың көлемі бірдей. Айдар отырған бөлменің

температурасы 20°C -қа жуық. 10 минуттан кейін шай мен минералды судың температурасы қанша болуы ықтимал?

- A) 70°C және 10°C ;
- B) 90°C және 5°C ;
- C) 70°C және 25°C ;
- D) 20°C және 20°C ». Дұрыс жауабы (A)

Әрбір тапсырма бір мәселені суреттеген мәтінді қамтиды және мәтінмен қатар төрт немесе бес нұсқада жауабы бар сұрақтар, немесе таңдау бойынша қатар екі жауабы болуы мүмкін жорамалдар мен нақты бекітулер түрінде көрсетілген қиындық дәрежесі әртүрлі бірден алтыға дейін сұрақтарды қамтиды. Сұрақтардың қалған бөлімдеріне оқушылар өз жауаптарын жазуы керек, олардың кейбірі қысқа немесе толық жауапты талап етеді. Ішінде тест тапсырушылардан жеке өзіндік пікірді талап ететін және өз көзқарасын айқындауға мүмкіндік беретін тапсырма түрлері де қарастырылған. Сондай-ақ, оқушылардан сұрақ жауаптарының шеңберде шектелген нұсқаларын таңдауын талап ететін тапсырмалар да бар, олар дұрыс немесе бұрыс болып бағаланады (жабық құрастырылған жауаптар).

PISA зерттеуінің әрбір кезеңіндегі бағалаудың басым аймағындағы өзгеріс зерттеудің негізгі бағыты бойынша толық ақпарат алуға және бұл бағыттағы үдерістерге салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу барысында әрбір оқушыға әрбір топтағы тапсырманы орындауына қарай (математика, жаратылыстану және оқу бойынша) халықаралық 1000 балдық шкала бойынша ұпай қосылады. Сонымен қатар, тапсырма барлық тестіленушілермен қаншалықты орындалғанына байланысты әрбір тапсырмаға аталған шкалаға сәйкес нақты ұпай қосылады (тапсырманың қиындығы үшін).

Әрбір елдің нәтижелерін талдауда және халықаралық шкаланы құрастыруда жеке елдердің тапсырмаларды орындау ерекшеліктері есепке алынады. Ал қатесі бар тапсырмалар, мысалы, полиграфиялық немесе аудармасында қате кеткен тапсырмалар талдаудан шығарылып тасталады.

Бұл зерттеуде, сонымен қатар, бағдарламаға қатысушы елдер оқушыларының нәтижелеріндегі өзгешеліктерді түсіндіруге мүмкіндік беретін факторлар да зерттеледі. Мұндай факторларға оқушылардың және олардың отбасының сипатамасы, білім беру мекемелерінің және оқу үрдісінің жағдайларының сипаттамалары жатады.

Тест тапсырмаларының:

33,69%-ға жуығы еркін құрастырылатын жауаптардан тұратын сұрақтардан жасалған, оқушылар оларға өздік қисынды жауаптар берулері керек;

ал 9,47 % тапсырмалар қысқаша жауапты сұрақтардан тұрады;

тапсырманың 5,26 %-ын оқушылар сөздермен немесе сандармен шектелген жауаптарды өздері құрастырады, осындай тапсырмалар «жабық құрастыру жауабы бар тапсырмалар» деп аталады;

бір ғана дұрыс жауапты таңдауды талап ететін, дайын жауабы бар сұрақтар тест тапсырмаларының 34,21 %-ын құрады;

тапсырмалардың 5,26% «иә» немесе «жоқ» деген жауапты талап ететін тапсырмалардан тұрды.

Бастауыш және негізгі мектептің білім сапасын бағалау TIMSS халықаралық зерттеуінде жүзеге асады. TIMSS мектептегі білім сапасын халықаралық зерттеу (Trends in International Mathematics and Science Study) – әлемнің 63 елінде жаратылыстану-математика бағыты бойынша мектептегі білімнің даму басымдылығын анықтау үшін жүргізіледі.

TIMSS халықаралық зерттеуінің мақсаты – әртүрлі елдердегі білім жүйесі мен орта мектеп оқушыларының жаратылыстану-математикалық дайындық деңгейін салыстырмалы бағалау және осы дайындық деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау.

TIMSS халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім саласындағы әлемдік артықшылықтарды көрсететін объективті өлшемдер шегіндегі құралдары негізінде алынған нәтижелерді талдау және білім саясатына қажетті ғылыми дәлелденген қорытындылар жасау. Халықаралық зерттеу негізгі екі бағыт бойынша жүзеге асады: «математика» және «ғылыми-жаратылыстану», сонымен қатар оқушылардың жалпы оқуды меңгеруі және зияткерлік қабілетін бағалауға ерекше көңіл бөлінеді [5].

Білім үш деңгейлік тұрғыдан қарастырылады:

– жоспарланған (мемлекет тарапынан әлеуметтік тапсырыс ретінде анықталады);

– жүзеге асырылған (мектептердегі нақты оқу процестерімен анықталады);

– қол жеткізілген (мектептердегі оқытудың нәтижелерімен анықталады).

Білім алушылардың білім жетістіктерін анықтау үшін жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша тестілер мен тестілік тапсырмалар, фондық ақпараттың нақты параметрлері анықталады.

TIMSS халықаралық зерттеулерін өткізуде қолданылатын құралдар:

- тест тапсырмалары бар буклеттер;
- мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама;
- оқушыларға арналған сауалнама;
- математика және жаратылыстану пәндерінің (математика, физика, биология, химия, география) мұғалімдеріне арналған сауалнама;
- Ұлттық Үйлестірушіге арналған нұсқаулық;
- облыстық Үйлестірушіге арналған нұсқаулық;
- мектеп Үйлестірушісіне арналған нұсқаулық;
- тест өткізу туралы нұсқаулық [4].

TIMSS зерттеуінің негізгі компоненті ретінде 4 және 8-сыныптар оқушыларының оқу жетістіктері қаралады. 4-ші сынып оқушыларының тестік тапсырмаларының әр варианты 44-50 тапсырмадан тұрады, 8-сынып оқушылары үшін – 55-60 тапсырма қарастырылған. Онда жауаптар әртүрлі болуы мүмкін. Тапсырманы орындау үшін 4-ші сынып оқушыларына 72 минут, 8-сынып оқушыларына 90 минут уақыт бөлінеді. Бағалау диапазоны 0-ден 1000 балл аралығында болады, орташа статистикалық балл 500 баллды құрайды.

Тестілеу тапсырмаларын бағалау төрт деңгейде жүзеге асырылады:

- ілгері (625 – 1000 балл);
- жоғары (550 – 624 балл);
- орта (475 – 549 балл);
- төмен (400 – 474 балл).

Жабық тапсырма бойынша әр дұрыс жауапқа халықаралық эксперттер 1 балл береді. Ашық тапсырмалар бойынша әр жауапқа арнайы екі таңбалы код беріледі – «дұрыс жауап», «жартылай дұрыс жауап», «жауап дұрыс емес».

Оқушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану сауаттылығын тексеру үшін 347 тапсырма қолданылды (оның 175 математика және 172-сі ғылыми жаратылыстану). Бұл тапсырмалар 28 блокқа жүйеленген (14-і математика және 14-і жаратылыстану). 8-сынып бойынша да осындай тәртіппен тапсырманың 14 әр түрлі нұсқасы пайдаланылды. Тапсырманың барлық саны 434 (217 математикадан және 217 жаратылыстану бағытында).

Зерттеулерге арнайы сауалнамаларға жауап беру арқылы Ұлттық координаторлар қатысады. Бұл жауаптар алынған нәтижелердің кейбір себептерін түсіну үшін қосымша ақпараттарды құрайды. 4-ші және 8-ші сынып оқушыларының мектеп пәндеріне көзқарастары, мұғалімдер тарабынан сабақтарды ұйымдастыру, сыныптан тыс іс-шараларға қатысу, отбасын сипаттау туралы сауалнамалық сұрақтарға жауап береді.

Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптар арқылы оқушылардың білім жетістігіне кері әсер ететін факторлар анықталады. Мысалы, халықаралық сарапшылар жасаған модель бойынша мынадай факторлар [6]:

- оқушылардың демографиялық сипаттары (тестілеу кезіндегі оқушылардың жасы және олардың жынысы);
- отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы (отбасында компьютердің, ұялы телефонның, автомобильдің бар болуы және т.б.);
- отбасының мәдениеті (үй кітапханасының бар болуы, сөйлесу тілі);
- өз жетістіктерін бағалау (пәнге деген көзқараспен анықталады – «жалықтыратын пән», «жеңіл пән», «әр адамның өмірінде маңызды»);
- оқушының уәждемесі (білім траекториясы, пәнді игеруге тиісті жігердің, қызығушылықтың болуы);
- мектептен тыс іс-әрекеттер (оқушының мектептен тыс шараларға қатысуы, бос уақытты тиімді пайдалануы);
- мектептегі және сыныптағы психологиялық ахуал анықталады.

Кадрлық әлеует сапасының оқу процесін ұйымдастыру сапасына әсерін пән мұғалімдерінің сауалнама сұрақтарына берген жауаптары арқылы анықталады. Сауалнаманың нәтижесінде мынадай ақпарат алынады: мұғалімдердің жеке мінездемелері (жынысы, жасы, жұмыс өтілі, білім деңгейі), кәсіптік құзыреттілігі (сабаққа дайындалу, оқу жұмыстары, оқу жетістерін бағалау, мұғалімдер мен оқушылардың ынтымақтастығы, біліктілікті жетілдіруі және т.б.).

Халықаралық сарапшылардың көзқарасы бойынша оқушылардың оқу жетістіктеріне мынадай факторлар: мектептің орналасуы, білім беру ұйымының материалдық ресурстары, тәртіп деңгейі, психологиялық «ахуал» және басқару

қызметінің жекеленген аспектілері әсер етеді. Бұл сұрақтар бойынша алынған ақпарат білім беру ұйымының басшыларының сауалнамасында ескеріледі.

TIMSS-2011 құрылымдық құжаттары бойынша жоғары деңгейдегі оқушылар ғылыми жаратылыстану процестері бойынша меңгерген білімдерін өзара байланысты төрт блок бойынша көрсете білулері тиіс. Мектеп оқушылары эксперименттердің нәтижелерін суреттеу, қорытындылау сияқты дағдыларға ие болулары тиіс. Төменде оқушыларды жаратылыстану пәндері бойынша халықаралық зерттеулерге дайындау барысында ескеру қажетті мазмұндық блоктардан мысалдар берілген [6].

1-мысал. «Биология» пәнінен алған білімдерін көрсету барысында жауапты еркін құрастыруға, оқу-танымдық әрекеттерін көрсете білуге бағытталған тапсырмалар.

Тапсырма: *«Өсімдіктің құрылысы көрсетілген сызбаның көмегімен оның әр мүшесінің атқаратын қызметін сипаттау».*

Халықаралық зертеудің нәтижесі бойынша бұл сұраққа бақылауға қатысқан төртінші сынып оқушыларының жалпы санының 21%-ы ғана жауап берген, ал Қазақстандық қатысушылардың 27%-ы жақсы нәтижеге көрсеткен. Бұл көрсеткіш халықаралық нәтижеден 6%-ға жоғары.

2-мысал. «Физика» пәнінен жоғары деңгейлі тапсырма.

«Балжанда екі магнит (А мен В) және бірдей екі темір шеге бар. Ол үстелдің бойымен А магнитін шеге магнитке жабысқанға дейін қозғады. Ол үстелдің бойымен В магнитін шеге магнитке жабысқанға дейін қозғады. Балжан А магниті шегені 15 см қашықтықтан, ал В магниті шегені 10 см қашықтықтан тартып алғанын байқады. Сырым екі магниттің де күші бірдей күшті деді. Сіз Сырыммен келісесіз бе?»

Бұл сұрақ оқушылардан өз білімін қолдану, ойлау және қорытынды жасау біліктерін талап етеді. Тапсырма оқушылардың тәжірибе нәтижесін саралау, тәжірибенің нәтижесі негізінде жасалған қорытындыдағы қателікті табу және өз жауабын негіздеу біліктерін тексереді. Бұл тапсырманы орындауда жетістікке жету үшін оқушылар магниттің шегені тарту күші қашықтыққа байланысты анықталатынын түсінулері қажет.

3-мысал. «Химия» пәнінен жоғары деңгейлі тапсырма.

«Ахмет шыны түтікке кішкене мөлшерде ұнтақ салды. Содан соң оның үстінен сұйықтық құйды және сілкілеп араластырды. Химиялық реакция жүрді. Химиялық реакция барысында сіз байқауыңыз мүмкін екі процесті сипаттаңыз. (Температураның өзгеруі. Газ түйіршіктерінің шығуы.).»

Тапсырманы орындау маңызды тұжырымдамаларды түсінуді және химиялық реакция кезінде болатын өзгерістерді нақты сипаттау шеберлігін талап етеді. Бұл тапсырманы орындауда қазақстандық сегізінші сынып оқушылары халықаралық көрсеткіштен әлдеқайда төмен нәтиже көрсетті - (17%).

4-мысал. «Физика» пәнінен гравитация күшін сипаттау саласынан кешенді және абстрактілі тұжырымдамаларды көрсете білуге бағытталған, жоғары деңгейлі тапсырма.

«Суретте парашиютистің төрт жердегі бейнесі берілген. 1. Секіру алдында ұшақтың ішінде. 2. Секіргеннен кейін, парашиют ашылардың алдында, еркін құлау барысында. 3. Парашиют ашылғаннан кейін жерге қонғанда. 4. Жерге қонған сәті. Қай жағдайда парашиютистке гравитациялық күш әсер етеді?»

А. Тек 2 позицияда.

В. Тек 2 және 3 жағдайда.

С. Тек 1, 2, 3 жағдайда.

Д. Барлық жағдайларда.

Қазақстандық 8-сынып оқушылары үшін бұл тапсырма өте қиын болып шықты, халықаралық орташа нәтижеден 10%-ға төмен көрсеткіш көрсетті.

5-мысал. «География» саласынан берілген тапсырмалар оқушылардың логикасын бағалауға арналған.

«Келесі бес тұжырымдама, су айналымы барысында болатын процестерді сипаттайды. Судың теңіз бетінен булануы, су айналымының бірінші сатысы ретінде айқындалады. 2-ден 5-шіге дейінгі тұжырымдамаларды су айналымы процесінің ретіне сәйкес орналастырыңыз».

2 Су буы жылы ауаға көтеріледі.

5 Су өзенмен теңізге қарай ағады.

1 Су теңіз бетінен буланады.

3 Су буы суиды және бұлтқа айналады.

4 Бұлттар қозғалады, су жер бетіне жаңбыр түрінде түседі.

Біздің 4-сынып оқушыларының көрсеткіші халықаралық орташа көрсеткіштен 8%-ға төмен болды.

Халықаралық TIMSS зерттеуде жаратылыстану құзыреттілігі бойынша қазақстандық оқушылар төменгідей үш деңгей бойынша нәтижелерді көрсетті. Жетік деңгей бойынша – 7 %, оқушылардың жаратылыстану бағытында жасалатын тәжірибелерден және зерттеулерден алғашқы мағлұматтары бар, олардың істелген жұмыстың нәтижелерін бағалау дағдылары қалыптасқан және ғылыми жаратылыстану саласы пәндерінің мазмұнын өздігінен өзара байланыстыра алады. Жоғары деңгей бойынша - 28%, ғылыми құбылыстарды түсіндіру және күнделікті өмірде қолдану қиындық тудырады. Орта деңгей бойынша - 58%, негізгі білімі мен түсінігін практикалық жағдайда ғана пайдалана алады. Төменгі деңгей бойынша - 84% адамның денсаулығына, жануарлардың мінез-құлық әрекетіне қатысты қарапайым мәліметтерді біледі.

2 Қазақстандық оқушылардың жаратылыстану пәндері бойынша халықаралық зерттеулерінің нәтижелеріне талдау жасау

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік және интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA (*Programme for International Student Assessment*) – 2009 халықаралық зерттеуіне қатысты. Сол жылы 65 ел қатысқан сынақшы бағдарламаға Қазақстаннан 200 білім беру ұйымынан 5590 он бес жастағы оқушылары қатысты. Барлығы 184 жалпы білім беру ұйымдары, 16 кәсіби мектептер пен лицейлер. Соның ішінде, 3194 қазақ тілінде білім беруші ұйымдар мен 2396 орыс тілінде білім беруші ұйымдар болды [7].

Қазақстан PISA-2009 халықаралық зерттеуіне тұңғыш рет 15 жастағы оқушылардың білім сапасын анықтау үшін дәйекті ақпарат алу мақсатында атсалысты. Біздің еліміз үшін бұл бағдарламаға қатысуға білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформаландырудың қажеттігін ескертетін бірқатар факторлар, атап айтар болсақ қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі, Қазақстанның Болон процесіне қатысуы, оқыту сапасын және оның нәтижелерін бақылаудың халықаралық стандарттарын енгізу қажеттілігі, білім беру мазмұнын өзгерту, білім беру сапасын бағалаудың қазақстандық жүйесін құру және көптеген пәндер мен оқытудың әртүрлі кезеңіндегі басқа да көптеген бағыттар негізгі себеп болды.

PISA жүйесіндегі бағалау нысаны оқушылардың пәндер бойынша білімді (яғни, оқу бағдарламасын) меңгеру деңгейі мен сапасын ғана емес, олардың үш өзекті саладағы: кітап оқу сауаттылығы, математика, жаратылыстану ғылымдарындағы құзырлығының қалыптасу дәрежесін бағалау.

Бүгінгі таңда Қазақстанда еліміздің білім беру бағдарламаларына сәйкес 9-сынып оқушыларының білім жетістіктерін бағалайтын білім беру сапасын бағалаудың ішкі мониторингі – Мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) бар. Бұл мониторинг меңгерген білімдерін өмірде қолдана білу ептіліктерін емес, ал білім беру бағдарламаларының сәйкес деңгейінің аясында алынған білімдерін тексеру мақсатында жүргізіледі. PISA осы жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалай отырып, олардың қарым-қатынасын, қызығушылықтарын, ынталарын және оқу стратегияларын зерттеуімен ерекшеленеді.

Қазақстан оқушыларының оқу сауаттылық деңгейінің нәтиже көрсеткішінің талдауы бойынша анықталған мәліметтер, VI деңгей біздің оқушылар үшін өте қиын, ал V деңгей сұрақтарына 0,4 % оқушылар ғана жауап бере алғанын көрсетті. Бұл олардың қисынды ойлау дағдыларының, бейтаныс мәтінді бағалау және сәйкес қажетті мәліметті тауып алып, түсіндіріп беру қабілеттерінің жоқтығын білдіреді.

Халықаралық зерттеулердің мәліметтерін пайдалана отырып, қазақстандық оқушылардың оқу бағытындағы қабілеттерінің ең жоғарғы деңгейінің 1а деңгейіне сәйкес келетіндігі туралы айтуға болады: бұл деңгейдің тапсырмалары оқушылардан мәтіннің негізгі тақырыбын және мәтін бойынша шашыраңқы берілген мәліметтердің арасындағы өзара байланыстарды анықтауды талап етеді.

Халықаралық зерттеулерінің нәтижелерін қарастыра отырып, ЭЫДҰ елдеріне қарағанда, Қазақстан оқушылары оқу сауаттылығы бойынша төмен үлгерім көрсеткені туралы айтуға болады (1 және одан да төмен деңгейге тең). Оқу сауаттылығының жоғарғы деңгейін көрсете алмаған оқушылар бөлігі 93,07 %-ды құрады, бұл оқу сауаттылығында Қазақстан оқушылары құзыретінің төмен деңгейінің көрсеткіші.

Қазақстандық оқушылардың орташа балы ЭЫДҰ елдері бойынша оқушылардың орташа көрсеткішінен статистикалық біршама төмен болып, 1000 балдық өлшем бойынша 400 балды құрады. Қазақстанның нәтижелерімен салыстырғанда басқа елдерді төмендегідей үш топқа бөлуге болады [7]:

- нәтижелері Қазақстанның орташа балынан айтарлықтай жоғары елдер – 52 ел;
- нәтижелері Қазақстанның орташа балымен салыстырмалы елдер – 5 ел;
- нәтижелері Қазақстанның орташа балынан статистикалық біршама төмен елдер – 7 ел.

Зерттеу нәтижелеріне өз танымын ұйымдастыруға, танымдық үрдістерді басқаруға деген жалпы оқу ептіліктерін меңгеру едәуір маңызды әсер етті. Оқушылардан, олардың қандай дәрежеде:

- нақты нені білу қажеттігін анықтауға ұмтылатындықтары;
- шындығында нені түсінбегендіктерін анықтауға ұмтылатындықтары;
- егер оларға бір нәрсе түсініксіз болса, онда оны түсіну үшін қосымша ақпаратты табуға әрекет ететіндіктері;
- нені оқығандарын есте сақтағанын бақылауға өз-өздерін мәжбүрлейтіндіктері;
- ең маңыздыны есте сақтағанына көздерін жеткізуге ынталанатындықтары сұралды.

Нәтижелерді талдау, егер әрбір елде оқу танымын ұйымдастырудан ең жоғары және ең төмен көрсеткішке ие болған екі бірдей оқушылар тобын (мысалы, тестке қатысушылардың жалпы санынан 25%-дан) бөліп алып, осы көрсеткіштің зерттеу нәтижелеріне әсерін талдайтын болсақ, онда бұл көрсеткіштің ең жоғарғы мәніне ие оқушылар едәуір жоғары нәтижеге қол жеткізетіндіктерін көруге болатындығын анықтады.

Қазақстанда бұл екі топ оқушылары, орта есеппен, мәтінмен жұмыс жасау ептіліктерінің қалыптасуының әртүрлі деңгейімен ерекшеленетін нәтижеге қол жеткізді. Өз білімдерін ұйымдастыру көрсеткіші жоғары оқушылар, орта есеппен, оқу сауаттылығының үшінші деңгейіне, ал бұл көрсеткіш төмен оқушылар, орта есеппен, екінші деңгейіне жетті.

Зерттеуде оқушылардың оқу материалдарын меңгеруде қолданатын әртүрлі стратегиялары қарастырылды: оқу материалын есте сақтау және оқылатын материалмен белсенді жұмыс жасау.

Көбінесе оқу материалын есте сақтауға бағытталған әдісті қолданған оқушылар зерттеудің әртүрлі, яғни елдегі орташа көрсеткіштен жоғары немесе төмен нәтиже көрсеткен. Салыстырмалы түрде алғанда, жаңа материалды оқу барысында жоғары белсенділік көрсеткен оқушылар әрдайым барлық елдерде жоғары нәтиже берген.

Оқытудың әртүрлі стилінің (жарыс түріндегі немесе біріктірілген) тест нәтижесіне әсеріне талдау жасауда төмендегілер анықталды: жарыса оқу түрі байқалған оқушылар, мұндай байқалмаған оқушыларға қарағанда жоғары нәтиже көрсетті. Осыған ұқсас ынтымақтастықта оқытуды ұнататын оқушылар, оқытудың бұл түрі байқалмайтын оқушыларға қарағанда едәуір жоғары нәтиже көрсетті. Алынған мәліметтерден оқытудың бұл екі түрінің белгілі бір жағдайларда бірін-бірі толықтыра алатындықтары, ал бір-біріне балама болмайтындықтары анықталды.

PISA зерттеуіндегі басты бағыт 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану саласындағы сауаттылықтары, яғни адамның әртүрлі іс-әрекетіндегі, қарым-қатынасы мен әлеуметтік байланыстарындағы өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін алған білімдерін қолдана білу қабілеттерін анықтау болып табылады.

Зерттеуде оқушыларға ақиқат өмірге жуық, тек қана негізгі оқу пәндерін білуді ғана емес, сонымен бірге жалпы оқу мен интеллектуалдық ептіліктерінің түзілуін шешуді талап ететін мәселелік жағдайлар ұсынылды.

Қазақстандық оқушылардың 65 зерттеуге қатысушы елдердегі өз құрдастарының арасындағы рейтингі:

- оқу сауаттылығы бойынша – 58-60 орын;
- математика сауаттылығы бойынша – 53-54 орын;
- ғылыми жаратылыстану сауаттылығы бойынша – 53-58 орын.

ТМД бойынша Қырғызстан - 65, Әзірбайжан - 64, Ресей - 44 болып орналасқан.

Ал, PISA – 2012 зерттеуіне еліміздің 218 білім беру ұйымынан 5808 15 жастағы білім алушылар қатысты. Соның ішінде 200 жалпы білім беру ұйымы және 18 кәсіби мектептер мен лицейлер, қалалық білім беру ұйымдары - 103, ауылдық -115. Сонымен қатар, 3234 қазақ тілінде білімалушылар, 2147 орыс тілінде білім алушылар.

Зерттеуге мектеп оқушыларымен қатар 18 техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарынан 427 білім алушы қатысты. Солардың ішінде 288 -қазақ тілінде білім алушылар, 139 оқушы - орыс тілінде білім алушылар.

Бұл жолы да 65 ел қатысқан болатын. Сол елдердің ішінде қазақстандық қатысушылар математикадан 49 орын алды. Жаратылыстанудан 52 орын, оқу сауаттылығының көрсеткіші бойынша 63 орынды иеленді.

Қазақстанның жаратылыстану пәндері бойынша *PISA зерттеуіне қатысудағы жағымды кезеңдері:*

– білім беру жүйесінің жағдайын отандық және халықаралық контексте талдау мүмкіндігі;

– қазақстандық оқушылардың нәтижелерін PISA халықаралық зерттеуіне қатысушы елдер оқушыларының көрсеткіштерімен салыстырмалы талдау;

– қазақстандық білім беру жүйесінің PISA зерттеуінің халықаралық стандарттарына сәйкестігін анықтау;

– зерттеу нәтижелері білім беруді жетілдіру бойынша қойылған мақсаттардың тиімді жолдарын көрсетуге мүмкіндік беруі.

Қазақстандық оқушылардың нәтижелерінің төмен болуының негізгі себептері:

– қалыптаспаған тест формасы (оқу үрдісінде біздің оқушыларымыз іс жүзінде пәнаралық сипаттағы тапсырмалармен, қоғамдық және жеке міндеттерді шешуде оларға оқу қажет болатын өмірлік жағдайлармен, білім алушылардың өмірлік қызығушылықтары мен әлеуметтік тәжірибесінен алшақтаған тапсырмалармен, арнайы дайындықты, жұмысты қызу орындау мерзімін талап ететін жауаптардың бірін таңдау тапсырмалармен жұмыс жасамайды);

– іскерлік стильдегі мәтіндермен (хабарландырулар, әуе рейстерінің кестесімен, жұмысқа қабылдауға арналған сауаланамалармен және т.б.), диаграммалардан, кестелерден, сызбалар мен карталардан тұратын мәтіндермен жұмыс істей алмаулары;

– мектептегі гуманитарлық білімнің диалогтық сипатының жеткіліксіздігі және олардың академиялық бағыттылығы (Қазақстан оқушылары құбылыстар мен оқиғаларға өздерінің әртүрлі көзқарастарының ара қатынасын белгілеуді, өз көзқарасын білдіруді талап ететін тапсырмалардан қиналды).

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы бойынша халықаралық тесті орындау нәтижелері мектептік ғылыми жаратылыстану білім беру аймағындағы әлемдік жетекші мамандар тұжырымдаған негізгі талаптарға сәйкес келмейтін қазақстандық оқушылардың төмен деңгейін де анықтады.

Қазақстанның 15 жастағы оқушылары қарапайым жағдайларда білімін еске түсіруге арналған тапсырмаларды жетістікпен орындап, оларды шын өмірге жақын жағдайларда қолдануға қиналған.

Жүргізілген ғылыми жаратылыстану зерттеулерінің нәтижелерін талдау немесе салыстыруда, ғылыми айғақты пайдаланып өзінің көзқарасын дәлелдеуді, алынған қорытындыны растауды немесе жоққа шығаруды талап ететін тапсырмалардан оқушылар төмен нәтиже көрсетті. Мектепте алған білімдерін пайдаланып, өзінің көзқарасын дәлелдей отырып, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және екі қарама-қарсы қорытындының пайдасына айғақтар табу немесе ұсынылған қорытындыларды жоққа шығару оқушыларда өте нашар қалыптасқан.

Бұл жолы Қазақстан оқушыларының жобаға қатысу нәтижесі халықаралық орта көрсеткіштен төмен екені анықталды. Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының әлемнің 50 елдері ішінде математикадан орташа көрсеткіші 501 ұпай, аталмыш көрсеткіш 27 орынға сәйкес және жаратылыстанудан - 495 ұпай,

32-орын. Сегізінші сынып оқушыларының 42 қатысушы-мемлекеттер ішінде математикадан орташа көрсеткіші 487 ұпайды құрайды, бұл көрсеткіш 17-орынға сәйкес және жаратылыстану пәндері бойынша - 490 ұпаймен 20-орынды иеленді. Сөйтіп сарапшылар еліміздің оқушыларының деңгейін 28-орынға қойды.

Халықаралық TIMSS зерттеуінде жаратылыстану құзыреттілігінің үш деңгейі қарастырылады: *білім деңгейі, қолдану деңгейі, тұжырымдау деңгейі.*

Білім деңгейі бойынша оқушылардың терминдерді, сандардың қасиеттерін еске түсіру арқылы суреттеу; есептеу; график пен кестеден мәліметті алу; құралдарды қолдану; жіктеу, жаратылыстану нысандарын тану қабілеттері бағаланады [8].

Қолдану деңгейі бойынша нәтижелі шешу тәсілін таңдау; ақпаратты көрсету; модельдеу; тізбек тапсырмаларды орындау; стандартты тапсырмаларды орындау қабілеттері бағаланады.

Ойлау деңгейі бойынша нысандардың арасындағы тәуелділікке анализ жасау; қорытындылау, әр түрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес тапсырмаларды орындау қабілеттері бағаланады.

Бұл зерттеулер қатысушы-елдерге оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелеріндегі қозғалысты, білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістерді бақылауға, жүргізілген реформалардың салдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың ғылыми жаратылыстану дайындық нәтижелерінің деңгейі жетілдірілген, жоғары, орта және төмен болып бөлінеді. Олар келесі критерийлер арқылы анықталады:

- пәндік білім мен білікті меңгеру мөлшері және тереңдігі;
- шешілетін проблемалардың мәнмәтіні (күнделікті өмір немесе ғылыми зертеулер);
- диаграмма, сызба, кесте түрінде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу дағдысы;
- толық жауап беру.

3 Халықаралық зерттеулер контесінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамытудың әдістемелік тәсілдері

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы – нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін және зерттелінетін проблемаларды анықтау, тәжірибе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілеті. Бұл қорытындылар қоршаған ортаны және оған адам ісімен енгізілетін өзгерістерді түсіну, сонымен қоса тиісті шешімдерді қабылдау үшін ғылыми жаратылыстану сауаттылығы бойынша PISA, TIMSS зерттеулері 2015 жылы өтеді.

Мектепте алған білімін күнделікті өмірдегі жағдайларда қолдану, қойылған мәселені ғылыми әдіспен шешу, әртүрлі ақпарт көздерімен жан-жақты жұмыс істей алу және оны сыни тұрғыдан бағалау, әр түрлі болжамдар көрсетіп, оның дұрыс немесе бұрыстығына зерттеулер жүргізу, айтылған көзқарастарды дәлелдеу және негіздеу қабілеттілігі бағаланады [9].

Жаратылыстану сауаттылығын анықтау мазмұны:

- «Физикалық жүйелер»;
- «Тірі табиғат жүйелері»;
- «Ғаламмен және Жермен байланысты жүйелер»;
- «Технологиялық жүйелер»;
- «Ғылым туралы білім»;
- «Ғылыми-жаратылыстану зерттеулері»;
- «Ғылыми-жаратылыстану түсіндірулері».

Жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыратын құзыреттіліктер:

- ғылыми сұрақтарды қою мен түсіну;
- құбылыстарға ғылыми түсінік беру;
- ғылыми дәлелдерді пайдалану.

Зерттеу тапсырмалары мынадай жағдаяттарға сәйкес болады: жаратылыстану бағыттарын жеке, әлеуметтік және ғаламдық контексте қолдану:

- «Денсаулық»;
- «Табиғи ресурстар»;
- «Қоршаған орта»;
- «Қауіпсіздік пен қауіп-қатер ошақтары»;
- «Жаратылыстану мен технология байланысы».

PISA халықаралық зерттеуінің тапсырмалары төмендегі бағыттар бойынша дайындалады [8]:

Оқу сауаттылығы:

- «бірыңғай» мәтін (прозалық туындылар, мысалы, сипаттама, әңгіме, түсіндірме, дәйектеме);
- «бірыңғай емес» мәтіндер (графиктер, пішіндер, ақпараттық беттер және т.б.).

Математика сауаттылығы:

- мөлшер;

- кеңістік және форма;
- өзгеріс және қатынас;
- белгісіздік.

Жаратылыстану сауаттылығы:

- заттың құрылысы және құрамы;
- атмосфералық өзгерістер;
- физикалық және химиялық өзгерістер;
- қуат өткізу;
- күш және қозғалыс;
- физиологиялық өзгерістер;
- генетикалық бақылау;
- экожүйе;
- әлемдегі жер;
- географиялық өзгерістер.

PISA тапсырмаларында оқушылардың сауаттылығын анықтайтын деңгейінің көрсеткіші 1-суретте берілген [8].


PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетіне қатысты өзгерістерді түсінуге және тиісті шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттері түсіндіріледі.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығын төрт аймаққа бөлуге болады:

- ғылым мен технологияға сүйенетін өмірлік жағдайларды танып білу (контекст);
- қоршаған орта мен ғылым туралы білімдерден тұратын ғылыми білімдердің негізінде техниканы және қоршаған әлемді түсінуі (білім);
- ғылыми сұрақтарды айырып тану, ғылыми жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру, айқын нақтылықтар мен дәлелдемелердің негізінде қорытындылар жасау үшін ғылыми білімдерді қолданудан тұратын құзыреттіліктерді көрсету (құзіреттіліктер);
- ғылыми жаратылыстану біліміне деген қызығушылық.

PISA зерттеуінде бағаланатын ғылыми жаратылыстану білім, білік және дағдылары ғылыми жаратылыстану циклы пәндерін: физиканы (астрономия элементтерімен), биологияны, химияны, географияны оқуда қалыптасады.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы келесі компоненттерден тұрады: ғылыми жаратылыстану пәндері аясында қалыптасатын «жалпы пәндік» біліктер, ғылыми жаратылыстану ұғымдары мен ғылыми жаратылыстану білімдері қолданылатын жағдайлар. Зерттеу мақсатына белгіленген біліктер мен ұғымдарды кешенді тексеру кіреді. Бұнда оқушылардың біліктіліктерін тексеруге басты назар аударылады: ұсынылған сұрақтардан жаратылыстану ғылымдары жауап беретін сұрақтарды белгілеу; берілген ақпараттың негізінде ғылыми негізделген қорытындылар жасау.



1-сурет - Оқушылардың сауаттылығын анықтайтын тапсырмалардың деңгейінің көрсеткіші

PISA халықаралық зерттеуінде оқушылардың жаратылыстану ғылымдарындағы танымдық және эмоционалдық қабілеттері зерттеледі. Танымдық аспектілер оқушылардың білімдері мен сол білімдерді тиімді пайдалана білу қабілеттерінен тұрады.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмаларды дайындауда жаратылыстанудың әртүрлі бөлімдерінен күнделікті өмірде талап етілетін білімдер іріктеліп алынып, түрлі біліктерді қолдану болжамданды.

PISA халықаралық зерттеуі үшін іріктеліп алынған сұрақтар ғылыми жаратылыстану білімдерінің келесі мазмұндық бөліктерін бейнеледі:

- физикалық жүйелер (заттың құрамы мен қасиеті, энергия, күш және қозғалысты беруі, физикалық және химиялық өзгерістер);
- Жермен және Ғаламмен байланысты жүйелер (Ғаламдағы Жер, атмосфералық өзгерістер, географиялық өзгерістер);
- тірі табиғат жүйелері (физиологиялық өзгерістер, генетикалық бақылау, экожүйе);
- технологиялық жүйелер.

Оқушылардың ғылыми жаратылыстану білімдерін тексеруде, сонымен қатар, жауаптардың бірін таңдау (42,5%), құрастырылмалы жабық жауап (17,8%), кешенді-жауап (31,8%), жауапты еркін құрастыру (27,07%) сұрақтары қолданылады.

Әртүрлі деңгейдегі оқушылардың меңгеруі тиіс ғылыми жаратылыстану білімдері мен дағдыларының сипаттамасы 1-кестеде берілген [10].

1-кесте - Жаратылыстану ғылымдары бойынша алты деңгейдің қысқаша сипаттамасы

Деңгейі	Балдың төменгі шегі	Тапсырмалар сипаттамасы
1	334,9	Оқушылардың ғылыми жаратылыстану білімдері шектелген, олар кейбір таныс жағдайларды ғана орындай алады және өте қарапайым жаратылыстану ұғымдарын ғана бере алады.
2	409,5	Оқушылар таныс контекстерде түрлі пікірлерге дайын болуға немесе қарапайым ғылыми зерттеулерге негізделген қорытындылар келтіруге жеткілікті ғылыми жаратылыстану білімдеріне ие. Олар ғылыми зерттеулердің нәтижелерін немесе технологиялық мәселелердің шешімдерін ойластыру және ұғындыруға қабілетті.
3	484,1	Оқушылар суреттелген ғылыми жаратылыстану мәселелерін нақты анықтай алады. Олар құбылыстарды түсіндіру үшін деректер мен білімдерді таңдай алады және қарапайым әдістерді немесе зерттеу стратегияларын пайдалана алады. Оқушылар бұл деңгейде әртүрлі пәндердегі ғылыми жаратылыстану тұжырымдамаларын түсіндіріп, қолдана алады және тікелей қолдана алады. Олар деректерді пайдалана отырып, қысқаша тұжырымдамалар бере алады және ғылыми жаратылыстану білімдерінің негізінде шешімдер қабылдай алады.
4	558,7	Оқушылар жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың рөлі туралы қорытындылар жасауды талап ететін құбылыстардан тұруы мүмкін жағдайлармен және сұрақтармен тиімді жұмыс жасай алады. Олар жаратылыстану ғылымдары мен технологиялары туралы әртүрлі пәндерден ұғымдарды таңдап, біріктіре алады және осы ұғымдарды тікелей тіршілік жағдайлары аспектілеріне бағыттай алады. Бұл деңгейдегі оқушылар өз іс-әрекеттерін ойластыра біледі, ғылыми жаратылыстану білімдері мен деректерін пайдаланып өздерінің шешімдерін негіздей алады.
5	663,3	Оқушылар көптеген күрделі тіршілік жағдайларындағы ғылыми жаратылыстану құраушыларын анықтай алады, ғылыми жаратылыстану тұжырымдамасы мен жаратылыстану ғылымдары туралы білімдерін нақты бір жағдайда қолдана алады және сәйкес ғылыми жаратылыстану дәлелдемелерін тіршілік жағдайына жауап үшін салыстыра, таңдай, анықтай біледі. Бұл деңгейдің оқушылары жақсы дамыған зерттеу қабілеттерін пайдалана алады, сәйкес білімдерін таңдай алады, жағдайға қатысты көкейкесті шешімді айқындай алады. Олар өздерінің маңызды талдауларына негізделген дәлелдемелер мен айғақтардың негізінде түсіндірмелер құрастыра алады.
6	707,9	Оқушылар көптеген күрделі өмірлік жағдайларда ғылыми жаратылыстану білімдерін ретімен танып, түсіндіріп және қолдана алады. Олар әртүрлі ақпарат көздері мен түсініктерді біріктіре алады, сондай-ақ шешімді айқындау үшін бұл білім қорларынан дәлелдемелерді қолдана алады. Олар жоғары ойлау мен пайымдауды, таныс емес ғылыми жаратылыстану және технологиялық жағдайларды шешуде өздерінің ғылыми тұрғыдан ойлай білуге дайын екендіктерін көрсете алады. Бұл деңгейдегі оқушылар ғылыми жаратылыстану білімдерін пайдалана біледі, қоғамдық және ғаламдық жағдайлар үшін дәлелдемелер мен шешімдер шығара алады.

Халықаралық TIMSS-2011 зерттеуінде жаратылыстану тестерінің мазмұндық бөліміне 4-сыныпқа арналған тапсырмалар биология, физика, география пәндерін, ал 8-сыныптың тапсырмалары биология, химия, физика, география пәндерін қамтиды. Оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерінің нәтижелері педагогика ғылымының ойлау контесінде қабылданған – білім, қолдану және пайымдау бөлімдері бойынша бағаланды (2-кесте).

2-кесте - Тапсырмалардың мазмұндық блоктар және оқу-танымдық әрекеті бойынша бөлу [10]

Мазмұндық блоктар			
4-сынып		8-сынып	
45%	Биология	35%	Биология
35%	География және астрономия	20%	Химия
20%	Физика	25%	Физика
		20%	География
Оқу-танымдық әрекеттердің түрлері			
40%	Білім	35%	Білім
35%	Қолдану	35%	Қолдану
25%	Пайымдау	30%	Пайымдау

4-сынып оқушыларына арналған биология пәнінің тапсырмалары адамның денсаулығы мен тамақтануы, тірі организмдердің өмірлік процестерін сипаттау, жалпы экожүйедегі өсімдіктер мен жануарлар туралы білім деңгейін анықтауға бағытталған. Физиканың мазмұнды блогы мектеп оқушыларының білім жетістіктерін анықтауға арналған тапсырмалар. Олар: физика қасиеттерінің негізіне сүйене отырып нысандар мен заттарды салыстыру мен жіктеуді, энергия көздерін анықтауды, жылу процестері мен электр желісін түсінулерін көрсете білулері тиіс. Ал тест тапсырмаларында география пәнінен Жердің құрылысы мен физикалық сипаттамасы, ондағы процестер, Күн жүйесіндегі Жердің орны туралы тапсырмаларды қамтыған.

8-сынып оқушыларына арналған биология тапсырмалары: өмірлік процестердің құрылымын, тірі организмдердің көптүрлілігі мен бір-біріне тәуелділігін, организм жасушалардың өмірлік үрдістерінің қызметі мен жіктелуін, тұқымқуалаушылықты, экожүйе және адам денсаулығы туралы тапсырмалардан қарастырады. Химия пәні бойынша оқушылар химиялық құрамы, қасиеттері, заттардың өзгеруі туралы білімдерін көрсетулері тиіс. Физикадан физикалық процестер мен энергия, жылу мен температура, күш және қозғалыс, электр энергиясы және магнит туралы тұжырымдамаларды түсінулерін көрсетулері тиіс. Ал география саласының мазмұндық тақырыбы геология, астрономия, метеорология, гидрологияны қамтиды және бұл сала бойынша келесі тақырыптардан алынған білім бағаланады: Жердің құрылысы мен физикалық қасиеттері, ресурстары, оларды тиімді пайдалану, Күн жүйесіндегі орны, Галактика т.б.

4 Оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша оқу және жобалық тапсырмалар әзірлеу

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Жолдауда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және білім мазмұнының тәрбиелік әлеуетін арттыру тапсырмалары берілді. Осыған сәйкес қабылданған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының 6 - тармағына сәйкес Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, 2013 жылы 11 жылдық білім берудің типтік оқу бағдарламаларын әзірледі (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілді).

Бұл бағдарламаларда (2010 жылы бекітілген оқу бағдарламаларына) төмендегі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1. Білім мазмұнын оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту, білімдерін практикалық жағдаяттар мен әлеуметтік бейімделу барысында тиімді қолдануға лайықтау. Осыған сәйкес практикалық, жобалау-зерттеу жұмыстары мен эксперименталдық тапсырмалардың көлемін ұлғайту.

2. Қазақстандық компонентті кеңейту, еліміздегі индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы аясында оқушылардың жаңа өндірістер мен технологияларды меңгеру қабілеттерін арттыру, экологиялық білімі мен дүниетанымын кеңейту;

3. Білім берудің тәрбиелік әлеуетін күшейту және оқушыны ерте әлеуметтендіру, қазіргі қоғамдық жағдаяттарға және көпмәдениетті ортаға бейімдеу, коммуникативтік құзіреттілігін дамыту;

4. Мектептің жоғарғы сатысында тереңдетілген бағдарлы дифференциациялану арқылы саралап оқытуды күшейту, элективтік курстарды енгізу, сол арқылы кәсіпалды дайындықты күшейту;

5. Білім аймақтары мен білім деңгейлері арасындағы сабақтастық пен жүйелілікті арттыру, ескірген материалдарды заман талаптарына сай құнды материалдармен алмастыру;

6. Гуманитарлық пәндер мен жаратылыстану-математикалық пәндер жүктемелері арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыру.

Оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, ең бастысы, оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыру міндеті аса маңызды. Осы орайда *оқытудың ғылымилығы* ұстанымы жетекші рөл атқарады. Бұл ұстаным бойынша оқушыларға берілетін білімнің мазмұнының ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестігі, оларға заттар мен

құбылыстардың заңдылықтарын ұғындыру және олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты ашу ескеріледі. Мектепте кез келген пәнді оқытуда оқушылардың қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату, қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады.

Оқушыларды ғылыми біліммен қаруландыруды көздесек, оның жүйелілігі мен сабақтастығы, бірізділігі де ескерілуі міндетті. Бұл орайда дидактиканың оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі ұстанымы жүзеге асырылады. Аталған ұстаным оқытудың ғылымилығы ұстанымымен тығыз байланыста жүреді. Оқытудың жүйелілігі мен сабақтастығын, бірізділігін қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда ұғымдық-ақпараттық материалдардың белгілі бір жүйемен берілуін, сабақтастығын, біртіндеп тереңдетілуін және кеңейтілуін, сондай-ақ оқушылардың білімді меңгеру әрекеті белгілі бір сатымен (мысалы: ынталандыру, алғаш көру – байқау, қабылдау – түсіну, ұғым құру, есте сақтау, қорытынды шығару немесе тұжырым жасау, т.б.) іске асырылуын ескеріп отыру керек.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда басты рөл атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – теория мен практиканың байланыста болуы ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек.

Оқушылардың игерген білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Сондықтан «Жаратылыстану» білім саласындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша білім мазмұнын жанартуды келесі жолдармен жүзеге асырылуды ұсынамыз:

- химия, биология және физика ғылымдарының, инновациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін енгізу;
- ұлттық компонентті кеңейту;
- Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуын негізге ала отырып, оқытудың өндірістік, технологиялық үдеріспен байланысын ірілендіру және жаратылыстану өндіріс саласындағы болашақ кәсіби кадрларды дайындау;
- оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту, олардың табиғат пен минералды ресурстарға, туған өлкесінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне ұқыптылықпен қарау және өз елінің табиғи байлығын қорғау мен көбейту

негізінде жаратылыстану саласында білім берудің экологиялық құраушысын кеңейту;

– мектептегі жаратылыстану-ғылыми білімді жетілдіру сәйкесінше пәндердің оқу бағдарламаларын күрделендіру арқылы жүзеге аспауы тиіс, керісінше оқыту үдерісі оқушылардың практикалық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға, оқу жобаларын орындаудағы креативтілік ойлауын қалыптастыруға, алған білімдерін болашақ кәсіби қызметтерінде қолдана білуге дайындауға бағытталуы тиіс;

– өздігінен орындайтын тәжірибелік, эксперименттік жұмыстарды сан түрлі әдістер мен технологияларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықтарға жататын бөлігіне ерекше мән беріп, жүйелеп үйрету;

– жазбаша жұмыстарды, практикалық, зертханалық тәжірибелерді, түрлі біліктерді, құзыреттіліктерді қажет ететін өздік жұмыстар мен тапсырмаларды іс жүзінде орындау.

Осы айтылғандардан оқушылардың жаратылыстану саласы бойынша функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру үшін білім беру деңгейлеріндегі жаратылыстану пәндерінің мазмұнына әрекеттік сипаттағы келесі білімдерді кіріктіру қажет:

– химиялық элементтер мен заттардың, сонымен қатар химиялық реакцияларды қорыту және топтастыру;

– күнделікті өмірде бізді қоршаған химиялық, физикалық, биологиялық құбылыстарды, әртүрлі заттар мен азықтарды қауіпсіз және тиімді пайдалану;

– химиялық технология және полимерлер өндірісі, жаңа құрылыс және құрастыру материалдары, тұрмыстық химия, фармакология, ауыл шаруашылығы және биотехнология және т.б. облыстарындағы алғашқы практикалық дағдыларының болуы тиіс;

– жаратылыстану пәні бойынша практикалық жұмыстарды жобалау, моделдеу және орындау, диаграммаларды, реакция теңдеулерінің сұлбаларын оқи білу;

– байқау немесе өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктер көмегімен көрсету;

– моделдердің көмегімен қоршаған әлемдегі табиғи құбылыстарды түсіндіру, мәліметтерге талдау жасау негізінде қорытынды жасау;

– жаратылыстану аймағындағы зерттеулердің негізгі ерекшеліктерін түсіну;

– алған білімдері негізінде жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу, сонымен қатар өзгерістерді болжау;

– қорытынды шығару, оларды талдау және негіздемесін бағалау үшін ғылыми дәлелдеулерді және мәліметтерді пайдалану;

– физикалық шамаларды анықтау (өлшеу), болжамдарды тексеру;

– Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы арқылы қазіргі кездегі ұлттық саясатты және экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық, демократиялық дамуын; қазіргі әлемдегі орнын; мемлекеттік саяси және конституциялық дамуын; мәдениеті мен ұлттық

құндылықтарын; экономикасы, болашағы, қауіпсіздігі және қазіргі геосаяси жағдайын; ішкі және сыртқы саясатын; дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілігі; әлемдік қауымдастықтағы алатын орнын меңгеру;

– жазылым бойынша глоссарий, эссе, кең көлемді зерттеу жұмысының нәтижесін жазу, есептер және шағын диссертациялар, әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып презентациялар құрастыру;

– оқылым бойынша блиц-аударма, мәнерлеп оқу, презентация бойынша нақты сұрақтарға жауап беру; Қазақстанның сыртқы саясаты туралы ауызша презентация жасау;

– тыңдалым бойынша дәріс, үнтаспалар мен бейнетаспаларды тыңдау (оқулықтарға қосымша ретінде авторлар түрлі аудиоматериалдар әзірлеу керек), сыныптастарының ауызша жұмыстарын тыңдау, диалог, монолог құрастыру, рөлдік ойындарға қатысу, тренинг, пікірсайыстарға қатысу.

Сонымен, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы жаңартылған білім мазмұнының инновациялық сипаттамасын мынадай мазмұндық-әдістемелік бағыттармен көрсетуге болады:

– білім беру мазмұнының когнитивтік, аксиологиялық және әрекеттік компоненттерін кіріктіру;

– білім берудің негізгі мақсаттары білім берудің құндылық бағдарларының жүйесі арқылы анықтау;

– білім берудің баламалылығы және оның саралануын қамтамасыз ету;

– білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін оның аксиологиялық компоненттерін кеңейту арқылы күшейту;

– білім беруде практикаға бағдарланған жаңа білім мазмұнын енгізу, денсаулық сақтаушы технологиялар, ашық ақпаратты-білім беру ортасын қалыптастыру және т.б. жүзеге асыру;

– білім мазмұндарында позитивті мәтін, глоссарий, сөздік, мағыналық сөздік, шығармашылық және қолданбалы маңыздылығы жоғары тапсырмалар, зерттеу жұмыстарының тақырыптары, кейбір технологиялар мен әдістерді қолдану бойынша нұсқаулықтар, критериалды бағалаудың әдістемесі мен дескрипторлары туралы материалдар, кейбір сабақтарға қатысты технологиялар мен сценарийлерінің үлгісі, жекелеген тақырыптарға қатысты ақпарат көздеріне сілтеме, аудио және бейне қосымшаларды беру.

Жалпы алғанда, оқыту түрлері: сабақта білім алу, эксперименттер немесе практикалық жұмыстар жасау, есептер шығару, жаттығулар орындау т.б. бәрінің басын біріктіріп, жүйелі ойлап дұрыс шешім қабылдауға әкелетін де функционалдық сауаттылықтар, өйткені нағыз білім саналы түрде жауаптылықпен қабылдап, түсініп, оны орнымен қолданудан туады.

Қазіргі кезде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Функционалдық сауаттылықтар жүйесін құрастыру білім алуға апаратын білім беру деңгейлерінің әрбір пәндегі біліктер мен құзыреттіліктерді іріктеп, олардың өзара сабақтастық байланысын айқындаудан басталады. Ал

функционалдық сауаттылықты құрайтын нысаналар, ұғымдар, ұстанымдар, ережелер, заңдылықтар, біліктер, құзыреттіліктер т.б. бірінен-бірі туындайтын немесе үндесетін жүйе ретінде қарастырылып, әр оқу жылында және білім беру деңгейлерінде олар толығымен, тереңдей түседі және оларды білім берудің нәтижесі ретінде нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы түрде білім беру деңгейлері бойынша анықтап алу қажет.

Бастауыш білім беру деңгейі баланың жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң ынтасы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім мазмұнын меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталып, таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын, функционалдық сауаттылығының қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Негізгі орта білім беру деңгейі оқушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталып, жоғары рухани-адамгершілік қасиеті мен функционалдық сауаттылығының қалыптасуын, бейіналды дайындықтың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Жалпы орта білім беру деңгейі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуға, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлауға бағытталып, оқушылардың табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз етеді [11].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы орта мектеп оқушысының белгілі бір деңгейдегі білімінің жиынтығымен, соның негізгі құзыреттіліктерін білуімен, соны тиімді қолдана білетіндігімен қалыптасады.

Пәндік білім, білік және дағдыларға (ББД) сүйене отырып, оқу пәндерінің мазмұны арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту құралдарына тапсырма түрінде берілген пәндік ББД жатады, ал ұйымдастыру формасына – проблемалық жағдайлар жатады. Осыған байланысты, ойлау дағдыларының өзі ББД-тердің құзыреттілікке көшуінің құралы ретінде қызмет атқарады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын табысты ету үшін, тиімді жұмыс жүйесін құру қажет:

- 1) әртүрлі оқу пәндерінің тақырыптық материалдарынан тапсырма даярлау керек, оның дұрыс орындалуы білім мазмұнының кіріктірілуін талап етеді;
- 2) әртүрлі ақпарат дайындау (мәтін, кесте, графиктер) қажет;
- 3) шығармашылық тапсырмаларды сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды арттыру керек.

Сонымен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша сыныптар мен білім беру деңгейлері арасында оқу пәндері мазмұнының сабақтастығын жүзеге асырудың жолдарын тұжырымдауға болады:

– бастауыш сыныпта қалыптасқан функционалдық сауаттылықтар жүйесі келесі сыныптарда да қолданылатынын ескеріп, олардың өзара сабақтастығының сақталуын мұқият қадағалау қажет;

– функционалдық сауаттылықтың маңызын түсінген оқушы әрбір пәндегі берілген білімге қол жеткізудің бірден бір тиімді құралы ретінде қабылдауы тиіс;

– қолдана білу оқушының мектептегі ең басты жетістігі ретінде қабылдануы заңды құбылысқа айналуы тиіс;

– молая әрі күрделене түсетін функционалдық сауаттылықтар жүйесін оқушылардың жүйелі түрде жадында ұстауын қадағалап, ұмытылғандарды қайта есіне салып, осыған орай тапсырмаларды орындату ұстаздардың басты міндетіне айналуы тиіс.

Сонымен бірге оқушылардың функционалдық сауаттылығы нәтижелі болу үшін мынадай шарттар қамтамасыз етілуі тиіс:

1. Әр түрлі оқу пәндерінің әр тақырыбы үшін Б.Блум таксономиясына құрылған тапсырмалар жүйесін даярлау;

2. Оқу үрдісіне сыни тұрғыдан ойлау, нәтижеге бағдарланған технологияларды қолдану;

3. Білім мазмұны, оқу-әдістері мен формалары да осы технологиялардың талаптары негізінде анықтау (мысалы, И.Я. Лернердің 4-элементтік негіздегі мазмұн анықтау теориясы арқылы оқу мазмұнын іріктеу т.б.);

4. Білім мазмұнын анықтағанда қазіргі ақпараттық технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін, әсіресе оқушыларды іздену-зерттеуге жетелейтін процесстерді модельдеу мүмкіндігін ескеру, негізге алу.

Мұғалім тарапынан қарағанда оқу жобалау және зерттеу – оқушылардың жобалау және зерттеу іс-әрекеті бойынша арнай білімі мен дағдыларын қалыптастыратын және дамытатын оқыту және тәрбиелеудің интегративтік дидактикалық құралы болып табылады. Ол:

– проблемалық мәселелерді (проблемалардан туындаған мәселелерді қоя білу);

– мақсатты тұжырымдау және оқушының мазмұнды іс-әрекетін жоспарлауды;

– өзін-өзі талдауды және рефлексияны;

– өз іс-әрекетінің нәтижесін және жұмыс барысын көрсетуді;

– арнайы дайындалған жобалаудың өнімін әртүрлі жағдайда көрсетуді;

– маңызды ақпаратты іздеу және жинауды, қажетті білімді меңгеруді;

– мектептегі білімді әртүрлі жағдайда, оның ішінде типтік емес жағдайда, практикалық тұрғыда қолдана білуді;

– жобалау өнімін дайындаудың керекті технологиясын тандай білу, қолдана білуді;

– зерттеу жүргізуді (талдау, жинақтау, болжам ұсыну, нақтылау және жалпылау) көздейді.

Тапсырмалар көбіне оқушылардан шыққан нәтижені талдап қорыту, түсіндіру немесе негіздеу заңдылықтарын білуді талап етеді.

Оқыту мақсатының иерархиясы мәселелерін зерттеген американдық ғалым Б.С. Блум таксономиясы білімді меңгеру кезеңінде мақсат қоюдың мынадай алты деңгейлі тізбегін ұсынады: білу; түсіну; қолдану; анализ және синтез; бағалау.

Оқытудың мақсаттар иерархиясына сәйкес академик В.П. Беспалько да оқушылардың білімді қабылдауының төрт деңгейлі педагогикалық кешенін ұсынып, белгілі бір шамада оқушы тәжірибесінің даму деңгейін көрсететін танымдық іс-әрекетті меңгерудің төрт деңгейін анықтағаны белгілі.

PISA, TIMSS зерттеулері критерийлері мен Б.С.Блум таксономиясының білімді меңгеру деңгейлері арасындағы арақатынасты анықтауға болады (3-кесте).

3-кесте - PISA, TIMSS зерттеулері критерийлері мен Б.С. Блум таксономиясының арасындағы арақатынас

PISA, TIMSS зерттеулері критерийлері	Б.С.Блум таксономиясының білімді меңгеру деңгейлері
Білу (репродуктивтік іс-әрекету)	Білу – Түсіну
Қолдану (байланыстарды орнату, ұғымдарды пайдалану)	Қолдану
Ойлау (рефлексия)	Анализ – Синтез – Бағалау

Осы пайымдауларға сүйене отырып, профессор Ж.А.Қараев оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған білімді меңгеру деңгейлері мен ынталандыру, белсенділік және біліктік, білім сапалары арасындағы байланысты анықтаған (4-кесте). Ол дидактикалық матрица деп аталады.

Дидактикалық матрица Б. Блумның мақсаттар таксономиясы, В.П. Беспальконның меңгеру деңгейлері (нәтижелер таксономиясы), олардың сәйкестік көрсеткіштерінен шығатын сапалар иерархиясы, ынта, белсенділік, біліктіліктер иерархияларының байланысын көрсететін, дамыта оқытудың квинтэссенциясы [12].

4-кесте - Дидактикалық матрица

Мақсаттар таксоно- миясы	Білімді меңгеру деңгейлері	Ынталан- дыру	Белсенділік	Біліктік	Білім салалары			
					Дұрыстылық, толықтылық	Өрекеттілік, шапшаңдық	Икемділік, ұғынымдылық,	Жүйелілік
Жалпы- лау және жүйелеу	ІҮ Шығармашы- лық деңгей	Танымдық іс-әрекетке қажеттілік	Белсенділік тің шығармашы- лық деңгейі	Шығарма шылық				
Қолдану	ІІІ Эвристикал ық деңгей	Тұрақты қызығушы лық	Белсенділік тің эвристикал ық деңгейі	Жарым- жартылай ізденіс				
Түсіну	ІІ Алгоритмдік деңгей	Жағдайға байланысты қызығушы лық	Белсенділік тің түсіндіріп беру деңгейі	Өзгертілген жағдайдағы репродуктивтік				
Білу	І Репродуктив- тік деңгей	Индифферент- тік	Белсенділік тің еске түсіру деңгейі	Стандарт жағдайындағы репродуктив- ті біліктілік				

Осы пайымдауларға сүйене отырып, Ж. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясының дидактикалық матрицасының әр деңгейінің сипаттамасына сай білімді меңгеру деңгейлерінің талаптарын тұжырымдаймыз:

1-деңгей: оқушылық деңгей – репродуктивтік деңгей:

- жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, ережелер т.б.
- алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар;
- тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек. Жаратылыстану пәндерінде мұндай талаптар жаңа тақырыпты игеру соңында орындалатын ұқсас тапсырмалар құру арқылы жүзеге асырылады және олар оқушының өзі қорытып шығарған ереже, анықтама, заңдарын бекітуге арналады.

2-деңгей: алгоритмдік деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына негізделеді:

- өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп,

тереңдете пайдалануды қажет етеді. Жаратылыстануда мұндай іс-әрекетке келтірілетін тапсырмалар: мәтінмен берілген есептер, тапсырмалар, сұрақтар, тәжірибелер т.с.с.

– оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескеріп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады. Бұлар: логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

3-деңгей: тапсырмалары – эвристикалық танымдық іздену түрінде орындалатын тапсырмалар:

– танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулаларды жаттау, т.с.с.) жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаналық ашуы тиіс. Мұнадай жұмыс – анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әр түрлі әдіс тәсілдермен есептер шығару, ребустар, сөзжұмбақтар құрастыру, проблемалық жағдайларды шешу, дағды қалыптастыруға арналған сұрақтар;

– өздігімен мысалдар мен есептер, сұрақтар құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

4-деңгей: шығармашылық деңгей:

– оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген: теореманы дәлелдеу, заңдылықтарды мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару, олимпиадалық тапсырмаларды орындау, өздігінен тақырыпқа реферат, баяндамалар дайындау.

Бұлардан басқа ең басты нәрсе оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер дайындау барысында математикалық есептер мен жаттығуларды халықаралық PISA, TIMSS зерттеулері тапсырмалары негізінде дайындаудың маңызы зор болатыны сөзсіз. Осыған байланысты мысал ретінде бірнеше тапсырмалар қатарын ұсынып отырмыз [13]:

СҮТ

1-тапсырма.

Мазмұндық аймағы: тірі табиғат жүйелері.

Дұрыс орындау пайызы: Қазақстан - 30,40%

Келесі ақпараттарды оқыңыз және сұрақтарға жауап беріңіз:

Сүт – бұл сүтқоректілер төлдерінің өміріндегі алғашқы қорегі. Олардың денсаулығы үшін пайдаланатын сүттің құрамындағы қоректік заттар анасының сүтіне ұқсас болуы маңызды.

Төмендегі кестеде үш сүтқоректінің сүтінің құрамындағы негізгі заттар берілген: сиыр, қасқыр және адам. Кестеде келтірілген мәліметтер 100 г. сүттегі

майдың, ақуыздың және көмірсутегінің мөлшерін көрсетеді.

Сұрақ: Кестедегі мәліметтерді пайдаланып, аңыздың шын бола алатындығына дәлел келтіріңіз.

Зат	Сыыр сүті (г)	Қасқырдың сүті (г)	Ананың сүті (г)
Майлар	3,9	9,6	4,0
Ақуыздар	3,4	9,2	1,4
Көмірсутегілер	4,9	3,4	7,0

Қасқырлардың арасында өсіп, қасқырдың сүтімен қоректенген кішкентай балалар туралы аңыздар мен әңгімелер бар. Осындай аңыздардың бірінде ерте заманда Еуропа ормандарының бірінде өскен бала туралы айтылады.

Кестедегі мәліметтер осы аңыздың ақиқаттығын растау үшін де, оны теріске шығару үшін де қолданылуы мүмкін.

2-тапсырма.

Мазмұндық аймағы: тірі табиғат жүйелері.

Дұрыс орындау пайызы: Қазақстан - 20,90%

Сұрақ: кестедегі мәліметтерді пайдаланып, аңыздың ақиқат бола алмайтындығына дәлел келтіріңіз.

Дана ақ және көгілдір қорапта екі сорттағы «Айналайын» сүтін сатып алады. Сүттің қорабындағы жазуларда екі сорттағы майлар мен ақуыздың құрамы туралы келесі ақпарат берілген.

«Айналайын», ақ қорап (100 г)		«Айналайын», көгілдір қорап (100 г)	
Майлар	Ақуыздар	Майлар	Ақуыздар
3,9 г	3,4 г	0,0 г	3,4 г

3-тапсырма.

Мазмұндық аймағы: сандар

Дұрыс орындау пайызы: Қазақстан - 33,70%

Егер сүтті бөлме температурасында қалдыратын болсақ (мысалы, 20°C), онда ол біраз уақыттан кейін ашып кетеді. Сонымен қатар, сүтте тығыз құрамдар пайда болады (негізінен, түйір түрінде).

Дана осы тығыз құрамдардың неден тұратындығын анықтағысы келеді.

Ол ақ қораптан 100 г және көгілдір қораптан 100 г. сүтті 20°C температурада ұстайды. 4 күннен кейін екі қораптағы сүт те ашып кетеді. Ол әрбір сүт сортындағы тығыз құрамдардың саны шамамен бірдей екендігін көреді.

Сүт қораптарындағы ақпаратты пайдаланып, төмендегі пікірлердің қайсысы осы тәжірибедегі тығыз құрамдарға қатысты ең жақсы қорытынды болып табылатындығын көрсетіңіз?

A Тығыз құрамдар тек қана майлардан тұрады.

B Тығыз құрамдар тек қана ақуыздардан тұрады.

C Тығыз құрамдар майлар мен ақуыздардан тұрады.

D Тығыз құрамдардың майлардан немесе ақуыздардан тұратындығын анықтауға болмайды.

4-тапсырма.

Мазмұндық аймағы: сандар

Дұрыс орындау пайызы: Қазақстан - 10,10%

СҮТ

Майлар сүттің құрамында бар заттың бірі болып, адам үшін энергия көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сүттің құрамына кіретін басқа заттар – көмірсутегі, минералдар мен сулар.

Сүттің құрамында бар осы заттардың қайсысы Адам үшін энергия көзі болып табылуы мүмкін.

Осылардың әрбіріне «Иә» немесе «Жоқ» деп белгілеңіз.

Заттар	Энергия көзі
Көмірсутегі	Иә / Жоқ
Минералдар	Иә / Жоқ
Су	Иә / Жоқ

АНТИБИОТИКТЕР

ДӘРІГЕРГЕ БАРУ

«Сәлеметсіз бе, дәрігер. Мен Сізге өте қатты жөтелгендіктен келдім. Мен төрт күннен бері жөтелудемін, және күн сайын жөтел күшеюде. Сіз осыдан екі ай бұрын осындай жөтел болғанда жазып берген антибиотиктерді қабылдадым, алайда бұл жолы олар маған көмектеспеді».

«Сіз, маған келіп дұрыс жасадыңыз. Алайда сіз өз-өзіңізді емдеуге әрекеттеніп дұрыс жасамадыңыз: антибиотиктерді дәрігердің тағайындауынсыз ешқашан қабылдауға болмайды. Мен сіздің тамағыңыздың артқы қабырғасынан қақырықты сынауға алып, оны талдауға жіберемін. Осылайша, біз немен айналысатынымызды біліп, мен сізге сәйкес келетін емделу жолын белгілей аламын».

Мазмұндық аймағы: сандар **Дұрыс орындау пайызы:** Қазақстан - 29,10%

Сұрақ 6: АНТИБИОТИКТЕР


Жоғарыда келтірілген сұхбатта ауырған адамның жөтелден айығуы үшін антибиотиктер қабылдағаны туралы айтылады.

Антибиотиктер төмендегілердің қайсысына тікелей әсер етеді?

A Жөтелге C Бактерияларға

B Ауруға D Вирустарға

Микроорганизмдер бағаны



Антибиограмма Петри шыны аяғына емделушінің қақырығындағы микроорганизмдерді орналастыру жолымен алынған.

А, В, С, D және E бес антибиотигі пайдаланылды. Үш күн өткен соң микроорганизмдердің саны өсті, бірақ оларды өлтіретін антибиотктердің айналасында емес.

Емделуші қақырығының антибиограммасы

Антибиограмма мәліметтері нәтижесінде келесі қорытындылар дұрыс жасалған ба?	Иә немесе Жоқ
Антибиотктердің бірде-біреуі емделушінің тамағынан табылған микроорганизмдерге қарсы тиімді бола алмайды.	Ия/Жоқ
А антибиотигі емделушінің тамағынан табылған микроорганизмдерге қарсы тиімді болуы мүмкін	Ия/Жоқ
С антибиотигі емделушінің тамағынан табылған микроорганизмдерге қарсы тиімді болуы мүмкін	Ия/Жоқ

Дәрігер емделуші қақырығының антибиограммасынан төмендегідей қорытынды жасай алады ма? Әрбір қорытынды үшін «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін белгілеңіз.

Тапсырма. Кейбір құстар ұлулармен қоректенеді. Орманда өмір сүретін ұлу түрлерінің қабыршағы қою (қара) түсті болады. Ал шалғында өмір сүретін ұлулардың осы түрлерінің қабыршағы ақшыл болады. Ұлулардың өз өмірін сақтап қалуға түстері қалай әсер ететінін түсіндіріңіз [12].

Дұрыс жауап нұсқаларының үлгілері: орманда өмір сүретін ұлулардың қабыршағы қою (қара) түсті болады, өйткені бұл олардың орманның қою түстерінің арасында көрінбеуіне жағдай жасайды. Ал шалғында өмір сүретін ұлулардың ақшыл түсті өсімдік гүлдері арасына жасырынады. Екі жағдайда да оларды жыртқыштардың табуы қиын болады.

Ұлудың қабыршағы оның тірі табиғатпен ұқсас болып, жыртқыштардан қорғануына көмектеседі.

Жартылай дұрыс жауап нұсқаларының үлгілері:

Оларды құстар жеп қоймайды.

Олар құстардан жасырына алады.

Бұл оларды жыртқыштардан қорғайды.

Дұрыс емес жауап нұсқаларының үлгілері:

Шалғынға қарағанда орманда қараңғырақ.

Ұлуларға қараңғы орманда қою қара түсті болған ұнайды.

Шалғында жарық, сол себепті ұлу да ақшыл болады.

Тапсырма. Жанартау атқылауының қоршаған ортаға тигізетін әсерін айтыңыз.

Дұрыс жауап нұсқаларының үлгілері: өсімдіктер жанып кетеді.

Лава топырақтың күйдіреді және құрамын бұзады.

Зиянды газдар бөлінеді.

Айналаның бәрін күл басады.

Жанартаудың атқылауынан қоршаған ортаға зиянды күл шығады.

Дұрыс емес жауап нұсқаларының үлгілері:

Бұл бәрін жоюы мүмкін.

Адамдар қаза болуы мүмкін.

Қою лава мен күл.

Тапсырма. Үлкен қалада көліктің көбеюіне байланысты ауаға шығатын көмірқышқыл газының көлемі ұлғаяды. Қала әкімі көп ағаш отырғысы келеді.

Қала әкімінің ұсынысымен келісесіз бе?

Бір торды белгілеңіз.

Ия

Жоқ

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Ия – жауабының нұсқалары: ағаштарда фотосинтез жүргенде, олар көмір қышқыл газын жұтып, оттегін бөледі.

Ағаштар қышқыл газын жұтады.

Жоқ – жауабының нұсқалары: қала әкімі көмір қышқыл газының мөлшерін азайтудың басқа жолын ұсынуы тиіс, мысалы, адамдар жаяу немесе велосипедпен жүрсін.

Мен қала әкімімен келіспеймін, көліктің мөлшерін азайту керек, көп ағаш отырғызу проблеманы шешпейді.

Дұрыс емес жауап нұсқаларының үлгілері: жауапта тек оттегі туралы айтылған.

Тапсырма. Төмендегі кестеде әр түрлі бес заттың (А, В, С, Д, Е) физикалық қасиеттері берілген. Бұл заттардың екеуі металл.

	А заты	В заты	С заты	Д заты	Е заты
Бөлме температурасындағы физикалық жағдайындағы (20 ⁰ С)	қатты зат	қатты зат	сұйықтық	сұйықтық	газ
Сыртқы түрі/түсі	жылтыр сұр	ақ	күміс түсті	түссіз	түссіз
Электр энергиясын өткізеді	ия	жоқ	ия	ия	жоқ

Бес заттың (А, В, С, Д, Е) ішіндегі қай екі зат металл екенін көрсетіңіз.

1. _____ 2. _____

Дұрыс жауап: А және С заттары аталады.

Тапсырма. Екі материк сумен бөлінген.

Геоллогтар бұл материктердің бір кездері өзара біріккен материк болғанына дәлел іздеуде.

Тас болып қатудың қандай шарты бұл ұсынысқа дәлелдеме бола алар еді?

Дұрыс жауап нұсқаларының үлгілері: екі материктен табылған тас боп қатқан бірдей жануарлардың қалдықтары.

Егер екі материктен де бірдей жануарлардың қалдықтары табылса.

Бірдей қалдықтардың екі жерде де боуы.

Бірдей қалдықтар.

Тапсырма. Фермер егіс даласына бидай тұқымдарын септі. Өскіндердің арасына арам шөптер шыға бастады.

Арам шөптерді неліктен жұлып тастау керектігін түсіндіріңіз.

Дұрыс жауап нұсқаларының үлгілері: олар бөсімдіктермен орын, ылғал, жарық үшін таласады.

Арам шөптер өсікіндермен қоректік заттар мен суға таласады.

Арам шөптер бидаймен қоректік заттар үшін күреске түседі.

Олар өте жылдам өседі де, егіс даласына жайылып кетеді.

Тапсырма. Кестеде жануарлардың төрт тобының кейбір ерекшеліктері көрсетілген.

Жануарлардың әр тобының астына сол топқа тән ерекшеліктің тұсына Х белгісін қойыңыз. Жануарлар тобының кейбіреуі бірнеше ерекшелікке ие болуы мүмкін.

	Сүтқоректілер	Қосмекенділер	Балықтар	Құстар
Сүт бездері				
Қабыршық				
Қауырсын				
Ылғалды тері				
Желбезек				
Жүн				

Тапсырма. Тұқымдардың көптеген түрлері жарық немесе қараңғыда өсіп-өнеді. Өсіп-өтуге қажетті екі жағдайды атаңыз.

1. _____

2. _____

Тапсырма. Химиялық реакция барысында энергияның бөлінуіне дәлел болатын бір белгіні жазыңыз.

Мысалы: жылу бөлінеді.

Температура көтеріледі.

Химиялық заттар жылынды, бұл энергияның бөлінгенін білдіреді.

Ол жалтырайды.

Зат қайнауы мүмкін.

Қорытынды

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады.

Сондықтан, Қазақстанның халықаралық зерттеулерге қатысуы қатысуы білім саласын дамытуда стратегиялық маңызға ие, әсіресе елімізде Халықаралық білім берудің көпшілікпен мақұлданған принциптеріне негізделіп құрылып жатқан 12-жылдық білім беруді енгізу аясында бағыт береді. Зерттеу нәтижесінде алған мәліметтер еліміздің білім сапасы мен әлемдік білім беру жүйесіндегі орны жөнінде ой өрбітуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса, Қазақстанның зерттеуге қатысуы әлем елдеріндегі оқушылардың оқу жетістіктеріне қойылатын талаптар жайлы және оқулықтар, бағдарламалар бойынша күрделі аналитикалық мәліметтер алуда маңызды зор.

PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетін қосатысты өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білуге үйретеді.

Халықаралық білім алушылардың оқу жетістіктерін зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту:

– оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына, алған білімін кез-келген оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалануына, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруға дайындауға мүмкіндік береді;

– оқушының адамгершілік және этикалық нормаларға қарсы келмейтін жетістікті шешім қабылдау үшін танымдық және практикалық біліктері мен дағдыларын кіріктіруге дайындығын байқататын білім салалары аралығындағы қабілеттер болып табылады;

– адамның адамгершілік құндылықтары мен ынталарын қалыптастыруға, сондай-ақ әлеуметтік және мінез-құлықтық әрекеттерінің дамуына, алғы шарт болады.

Қортындылай келе, халқаралық зерттеулердің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»/Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. – Астана. 2013, - 121 б.

3 TIMSS халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал – Астана, 2012, ҰББСБО. - 77 б.

4 Основные результаты международного исследования качества математического и естественнонаучного образования TIMSS-2003. Аналитический отчет. -М.: ИСМО РАО, НФПК, 2004.

5 Сравнительный анализ математической и естественнонаучной подготовки учащихся основной школы. / под редакцией Г.С.Ковалевой / Выпуск 2. - М.:ИОСО РАО, 1996.

6 Перминова Л.М. Минимальное поле функциональной грамотности (из опыта С.-Петербуржской школы) // Педагогика. - 1999. - №2. - С. 26-29.

7 «Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы» РМҚК сайтының материалдарынан // <http://www.naric.kz/>

8 Ковалева Г.С., Красновский Э.А., Краснокутская Л.П., Краснянская К.А. Оценка знаний и умений. Международная программа PISA. Педагогическая диагностика. -М., ЦОКО ИОСО РАО, 2002, №1.

9 Ковалева Г.С. Основные результаты международного исследования качества математического и естественнонаучного образования TIMSS-2011. Аналитический отчет. -М.: ИСМО РАО, НФПК, 2013. – 58 с.

10 Басова Е.А. Формирование у подростков функциональной грамотности в сфере коммуникации (на материале гуманитарных предметов). диссер. -Санкт-Петербург., 2012. - 150 с.

11 Нарикбаева Л.М., Калиева С.И. Подготовка будущего учителя к работе с одаренными детьми: Методическое пособие. – Алматы: Изд-во АГУ им. Абая, 2001г. – 45 с.

12 Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы, Жазушы, 2005г. – 200 с.

13 Международное исследование TIMSS. Методическое пособие – Астана: НЦОСО, 2012г. - 75 с.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын анықтауға бағытталған халықаралық зерттеулер тапсырмаларының ерекшеліктері.....	6
2 Қазақстандық оқушылардың жаратылыстану пәндері бойынша халықаралық зерттеулерінің нәтижелеріне талдау жасау.....	14
3 Халықаралық зерттеулер контесінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамытудың әдістемелік тәсілдері.....	19
4 Оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша оқу және жобалық тапсырмалар әзірлеу.....	24
Қорытынды	38
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39
Мазмұны.....	40

Введение

Эффективность модернизации образования, проводимой с целью повышения качества и доступности образования, во многом зависит от степени использования объективных данных, полученных в рамках исследований результатов образования разного типа: мониторинговых исследований республиканского уровня, анализа итогов ЕНТ, международных сравнительных исследований. Все эти исследования дают информацию о состоянии образования, позволяют соотносить планируемые и достигаемые результаты, выявлять на этой основе наиболее существенные проблемы, требующие решения. Участие в международных сравнительных исследованиях позволяет, кроме того, сравнивать приоритеты развития образования в стране и за рубежом. Важным следствием участия в международных исследованиях, инструментарий которого разрабатывается совместно ведущими специалистами мира, становится, как показывает опыт, развитие теории и практики педагогических измерений, обогащающее, в свою очередь, повседневную педагогическую практику.

Последние десятилетия характеризуются объединением усилий различных стран в разработке единых подходов в проведении международных сравнительных исследований, которые дают информацию о состоянии образования, позволяют сравнивать подготовку учащихся с международными стандартами, осуществлять мониторинг качества образования в мире. Изменения в мировой экономике XXI века, породившие необходимость приспособления к конкурентной экономической среде, обострили проблемы качества образования, поскольку «образовательный интеллект» населения рассматривается важнейшим стратегическим ресурсом государства.

Образовательный уровень качества знаний и умений обучающихся как результат развития системы образования определяет не только система национального тестирования и экзамены, но и независимые от страны, международные мониторинговые исследования. Это международная программа по оценке образовательных достижений учащихся «PISA», международное мониторинговое исследование «TIMSS», международное сравнительное исследование качества чтения обучающихся «PIRLS» и международное сравнительное исследование компьютерной и информационной грамотности школьников из разных стран мира «ICILS». В Казахстане международные исследования осуществляются «Национальным центром образовательной статистики и оценки», а также органами управления образованием в регионах, участвующих в исследованиях.

Результаты международного исследования образовательных достижений ПИЗА (Programme for International Student Assessment), первый цикл которого вызвал широкую дискуссию в обществе о качестве, приоритетах в содержании общего среднего образования, способствовали появлению новых направлений исследований, прежде всего, в области изучения целесообразности и возможностей реализации компетентностного подхода в образовании. В

исследовании ПИЗА впервые оценивалась функциональная грамотность учащихся 15-летнего возраста в области чтения, математики и естествознания с целью определения способности учащихся к адаптации в современном обществе. По сравнению с исследованиями, в которых в основном оценивалось освоение школьниками учебных программ, тестирование по программе ПИЗА выявило значительные недостатки в умениях казахстанских учащихся применять полученные в школе знания и умения в контексте жизненных ситуаций.

Международное сравнительное мониторинговое исследование качества математического и естественнонаучного образования TIMSS (TIMSS – Trends in Mathematics and Science Study) является одним из самых представительных исследований по средней школе. Для Казахстана исследование TIMSS является первым мониторинговым исследованием в области общего образования, которое позволяет проследить тенденции развития математического и естественнонаучного общего образования.

Внедряя современные технологии оценивания, мы получаем уникальный материал международного практического опыта для модернизации не только системы школьного образования. Успешность обучения детей в школе – результат огромной работы и тесного взаимодействия всех кто причастен к системе образования, всей цепочки: – учитель – родитель – преподаватель вуза – разработчики стандартов и учебников и др. В настоящее время подготовка школьников к жизни, к труду, как один из ведущих приоритетов образования, требует пересмотра оценивающих подходов результатов образования. Более широкое толкование понятия «Образовательные результаты» связано с рассмотрением образования как созидательного фактора, движущей силой социально-экономического, культурного прогресса общества. Современное понимание образовательных результатов выходит за рамки обычного перечня знаний, умений и навыков, соотносимых с обучением учебного предмета. Образовательные результаты являются конечным продуктом процесса обучения учащихся в школе и свидетельствуют о качественных изменениях личности обучающегося и проявляются в его поведении, взаимодействии с социальной средой.

Одним из уровней представления результатов образования является *функциональная грамотность*, определяемая как способность личности на основе знаний, умений и навыков нормально функционировать в системе социальных отношений, максимально быстро адаптироваться в конкретной культурной среде. Согласно А.А.Леонтьеву, под этой грамотностью фактически понимается способность человека использовать приобретаемые в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений». И ещё одно определение даёт «Энциклопедия культуры и общества»- «Функциональная грамотность, это способность человека вступать в отношения с внешней средой, максимально быстро адаптироваться в ней». Понятие «Функциональная грамотность» впервые появилось в конце 60-х годов

прошлого века, в документах ЮНЕСКО и позднее вошло в лексикон исследователей. ЮНЕСКО определяет функциональную грамотность как «Оцениваемые навыки чтения, письма и предметные навыки, применяемые в различных сферах социальной жизни и которые влияют на личность при его социализации в обществе. Поэтому грамотность предусматривает не только умение читать и писать, но также владение навыками, необходимыми для эффективной и продуктивной социальной деятельности» [1].

Важной составной частью функциональной грамотности, одним из ее основных навыков является естественнонаучная грамотность. Это способность человека осваивать и использовать естественнонаучные знания для постановки вопросов, освоения новых знаний, для объяснения естественнонаучных явлений и формулирования основанных на научных доказательствах выводов. Кроме того, естественнонаучная грамотность включает понимание основных закономерностей и особенностей естествознания, осведомленности в том, что естественные науки и технологии оказывают влияние на материальную, интеллектуальную и культурную сферы общества. Она проявляется и в активной гражданской позиции при рассмотрении всей совокупности проблем, связанных с естествознанием.

По результатам первых исследований PISA, TIMSS большинство стран показало невысокие результаты уровня функциональной грамотности, что привлекло повышенное внимание в мире к проверке компетентности выпускников школы и качеству образования в целом. Это способствовало дальнейшему развитию и совершенствованию всей образовательной сферы отдельных стран, были сделаны соответствующие выводы (в то время казахстанские учащиеся еще не участвовали в тестировании). Современный опыт западных стран в образовании показывает, что они опережают нас по масштабам применения контрольно-оценочных технологий, качеству подготовки необходимых кадров, уровню и качеству теории тестовых методов контроля, оснащённости служб тестирования ИКТ технологиями и современными учебно-коммуникационными возможностями образовательных учреждений.

Повышению эффективности образования и превращению образовательной деятельности в ведущую отрасль общественного производства, способствует процесс создания технологий контроля, подготовки и использования высококачественных измерителей уровня учебных достижений учащихся. Это повышает качество функциональной грамотности в целом, естественнонаучной ее составляющей в частности. И это выраженная мировая тенденция.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года, говорится, что образование должно давать не только знания, но и умения их использовать в процессе социальной адаптации. В связи с этим Главой государства указана необходимость дальнейшего развития и совершенствования функциональной грамотности школьников, с активным использованием передового опыта» [2].

1 Особенности заданий международных исследований, направленных на выявление естественнонаучной грамотности школьников

Международная программа по оценке образовательных достижений учащихся ПИЗА (PISA, Programme for International Student Assessment) осуществляется Организацией Экономического Сотрудничества и Развития (ОЭСР) и в отличие от ТИМСС проводятся трехлетними циклами. Основной целью исследования ПИЗА является оценка образовательных достижений учащихся 15-летнего возраста. Ключевой вопрос исследования – «Обладают ли учащиеся 15-летнего возраста, получившие общее обязательное образование, знаниями и умениями, необходимыми им для полноценного функционирования в обществе?». Исследование направлено не на определение уровня освоения школьных программ, а на оценку способности учащихся применять полученные в школе знания и умения в жизненных ситуациях. В этом отражаются современные тенденции в оценке образовательных достижений. В исследовании ПИЗА также изучаются факторы, которые позволяют объяснить различия в результатах учащихся стран-участниц программы. К данным факторам относятся характеристики учащихся и их семей, характеристики образовательных учреждений и учебного процесса.

Программа ПИЗА осуществляется консорциумом, состоящим из ведущих международных научных организаций при участии национальных центров стран и организации ОЭСР. Основные направления исследования, концептуальные подходы к разработке инструментария, способы обработки и представления результатов обсуждаются и утверждаются представителями стран-участниц программы (как правило, представителями министерств образования), с учетом их практической значимости для этих стран.

